

**ЖК «Бал-бөбек» жеке бөбекжайының
кезектен тыс педагогикалық кеңесінің №3 & 1 хаттамасы**

Өткен күні: 25 ақпан 2025 ж

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, Музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілі, 14 тәрбиеші.

Күн тәртібінде:

1. «2025 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімін бекіті туралы» 2024 жылғы 23 қазандағы №537 бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылдың 25 ақпандағы №10 бұйрығы негізінде бөбекжайда өзін-өзі бағалау жүргізу туралы (жауапты: меңгеруші М.М.Аубакирова)
2. Бөбекжайда өзін-өзі бағалауды өткізу үшін комиссия құру

Тыңдалды:

М.М.Аубакирова – меңгеруші: «2025 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімін бекіті туралы» 2024 жылғы 23 қазандағы №537 бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылдың 25 ақпандағы №10 бұйрығы негізінде 2025 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес 2025 жылдың қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз айларында бөбекжай мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылған білім беру қызметтерінің МЖБМС талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізеді және білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне өзін-өзі бағалау материалдарды ұсынады.

Мемлекеттік аттестаттау – мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарында, олардың меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан профилактикалық бақылау арқылы 5 жылда 1 рет білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелерінде ҚР Кәсіпкерлік кодексіне және ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді ата-аналары (заңды өкілдері) арасында онлайн форматта сауалнама жүргізу ұйымдастырылады.

Бөбекжайда өзін-өзі бағалау жүргізу үшін төрайымын қоса алғанда, білім беру ұйымының кемінде 5 адамнан тұратын аттестаттау комиссиясы құрылуы керек. Комиссия мүшелері 2022-2023, 2023-2024 және ағымдағы оқу жылының (қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз айлары) МЖБМС талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізеді, саралайды, қорытынды жасайды. Өзін-өзі бағалауды ҚР ОАМ 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486

«Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып жүргізеді.

Сөз сөйлегендер:

А.Н.Қайрлиева – әдіскер: Бағаланатын кезеңге қандай талаптар қойылады?

Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес бағалау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізілетін және бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұрын өткен екі оқу жылымен ағымдағы оқу жылы осы бақылау басталғанға дейінгі бес ай бағаланатын кезең болып табылады. Бақылау кезінде ең басты мақсат: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптардың орындалу екендігі яғни Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы бұйрықтары мен әдістемелік нұсқауларына сәйкес білім беру қызметінің жүзеге асырылып, орындалуы басты бақылау нысаны екендігі түсіндіріледі.

Бөбекжайдың бағаланатын кезеңі: 2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылы және ағымдағы оқу жылының наурыз айын қоса алғанда бағалауға дейінгі аралығын қамтиды.

М.М.Аубакирова – меңгеруші: Бөбекжайды мемлекеттік аттестациядан өткізу үшін бөбекжайдың өзін-өзі бағалау ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдарға сәйкес аттестация комиссиясы құрамы бекітілуі қажеттілігін және құрамы бөбекжай қызметкерлерінен құралатынын айтты. Өзін-өзі бағалау комиссиясы құрамына төмендегі қызметкерлер ұсынылды:

комиссиясы төмендегідей құраммен құрылып, бекітілсін.

Комиссия төрайымы: М.М.Аубакирова - меңгеруші

Комиссия мүшелері: А.Н.Қайрлиева – әдіскер

Г.М.Нагимова – тәрбиеші

А.Е.Хамитова – тәрбиеші

М.М.Иралиева – тәрбиеші

Хатшы: И.И.Айткалиева – тәрбиеші

«Білім беру ұйымдарының бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығының негізінде жүргізілетін және оған байланысты бағалау кезеңдеріндегі құжаттардың толықтай қамтылуын, жүргізілетін жұмыстардың талапқа сай жүйелі түрде жүргізілуі қажет екендігі ескеріліп, өзін-өзі бағалау жұмысының жүйелі жүргізілуі жұмыс жоспары құрылсын.

Шешім:

1.Бөбекжайда өзін-өзі бағалау кезеңі 2025 жылдың «25» ақпан мен «27» наурыз аралығында жүргізілсін.

2.Бөбекжайда өзін-өзі бағалау жүргізу үшін бұйрық негізінде комиссия құрамы төмендегідей құрамда бекітілсін.

комиссиясы төмендегідей құраммен құрылып, бекітілсін.

Комиссия төрайымы: М.М.Аубакирова - меңгеруші

Комиссия мүшелері: А.Н.Қайрлиева – әдіскер
Г.М.Нагимова – тәрбиеші
А.Е.Хамитова – тәрбиеші
М.М.Иралиева – тәрбиеші

Хатшы: И.И.Айткалиева – тәрбиеші

3. Бөбекжайдың өзін-өзі бағалау жұмыс жоспары бекітілсін.

Жауапты: әдіскер А.Н.Қайрлиева – әдіскер

4. Бөбекжайдың бағаланатын кезеңдердегі құжаттарын осы комиссия мүшелері бөбекжайдың интернет ресурсына жүктесін.

Төрайымы:



М.М.Аубакирова

Хатшы:

И.И.Айткалиева